

Сыр елі өңірлер арасында макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша көш бастап келеді. ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің көшпелі брифингі Сыр елінде өтті. Брифингте аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы кеңінен баяндады. Ел Президентінің бастамалары мен тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында өңірде атқарылған жұмыс пен алдағы жоспарлар туралы айтылды.

ӘРБІР ҚАРАЖАТТЫ ТИІМДІ ЖҰМСАУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Сыр өңіріне «дамудың үлкен перспективалары бар стратегиялық маңызды өңір» деп баға берген болатын. Бүгінде аймағымызда атқарылған жұмыстар мен қолға алынған оң бастамалар жетерлік.

– Ел Президентінің бұл ерекше бағасы облыс халқына, бізге үлкен жігер беріп, қазіргі таңда аймағымыз байыпты бастамалар мен жасампаз жобалардың ордасына айналуда, – деді облыс әкімі.

Ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы аясында әлеуметтік табысын арттыруға, аграрлық бизнесті түлетуге мол мүмкіндік туып тұр. Мемлекет басшысының «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында қабылданған бұл жоба халықтың әл-ауқатын жақсарту, жаңа жұмыс орындарын ашу үшін берілген мүмкіндік. Осының нәтижесінде аймақта он өзгеріс қалыптасып, кәсіпін дөңгелеткісі келген кәсіпкерлер қатары көбейген. Мәселен, өткен жылы 3 млрд теңгеге 406 жоба іске қосылып, 713 жұмыс орны ашылған.



– Биыл 4 млрд 596 млн теңгеге 575 жобаны жүзеге асырып, 610 жаңа жұмыс орнын ашу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні 1 млрд теңгеге 150 жоба қаржыландырылды. Жоба аясында агробизнес өкілдері тарапынан ауқымды жұмыс атқарылуда, – жасалуда, – деді облыс әкімі.

Осы жоба негізінде Сырдария ауданының «Бесарық» ауылындағы «Абай Дәулет» ЖШС құрған өндірістік алаңда тұрғындардың 13 бизнес-бастамасы іске асырылуда. Мұнда жартылай фабрика, пластикалық ыдыстар, ағаш бұйымдар, тоқыма, сабын, кондитерлік өнімдер өндіретін цехтар ашылды. Озық тәжірибені кеңінен тарату үшін облыстың әр ауданындағы 3-4 ауылда осындай бизнес-инкубаторлар ашу жұмыстары жүргізілуде.

Аймақ басшысы ауыл шаруашылығы саласын дамыту, халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту мәселелері жөнінде кеңінен тоқталды.

– Ауыл шаруашылығы саласына соңғы 2 жылда 20 млрд 300 млн теңгеден астам инвестиция тартылса, осы жылдың 10 айында негізгі капиталға 12 млрд 200 млн теңге инвестиция салынды. Биыл 189 мың 449 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, мерзімінде толық жиналды. Өндірісте су үнемдейтін технологияларды қолдануды дамытуда. Су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі 4 мың 400 гектарға жеткізілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 есеге артық. Су шығынын азайтуда егістік жерлерді лазерлік тегістеудің маңызы зор. Соңғы жылдары дикандар 55 мың гектар күріш егістігін лазермен тегістеді. Нәтижесінде суды үнемдей отырып, өнімділікті 30 пайызға арттырды. Биыл негізгі дақыл – күріш 85 мың 600 гектарға егіліп, әр гектардан 58 центнерден өнім алынды. Жарты миллион тоннаға жуық күріш жиналды, – деді облыс әкімі.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүзінде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін

6 айға – 3000 теңге,

мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.



Ақмешіт

23 қараша
сенбі

№93 (2103)

2024 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қыс-2024» республикалық штабтық оқу-жаттығуы өтті.



Сырдарияның сол жағалауында өткен жиынға азаматтық қорғаныс саласының өкілдері саптағы сарбаздай жиналды. Кез келген жағдайға дайын екенін көрсеткен олардың құрал-жабдықтары да сақалдай сай. Суға да, құрлықта да адам өмірін арашалап қалуға маңдай терін төтуге даяр.

– Жедел құтқару жасағының құтқарушылары жол-көлік оқиғасы кезінде, сонымен қатар қыс мезгілінде республикалық маңызы бар күре жолдардағы ауа райының қолайсыздығына орай жолдардың жабылуы салдарынан жолда қалған көлік жүргізушілері мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, құтқару жұмыстарын атқарады. Сондай-ақ мал іздеп, жолдан адасқан малшылар, балық аулауға, аң аулауға шығып қайтар жолда адасқан азаматтарды іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізіп келеді, – деді Қызылорда облысы ТЖД «Жедел құтқару жасағы» РММ басшысы Бақыт Ембергенов.

Оқу-жаттығу 21-22 қараша күндері азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің және халықтың қысқы кезеңде төтенше жағдайларды жоюға дайындығын, азаматтық қорғау қызметтері мен құрылымдарының төтенше жағдайға ден қою әзірлігін тексеру мақсатында өтті. Бүгінде сала мамандарының арасында қызметтік иттер де құтқару жұмыстарының сапалы орындалуына күш салып келеді.

– Жедел құтқару жасағының штатында кинологиялық қызмет бар. Бөлімде 4 жоғары білікті кинолог-құтқарушы және бельгиялық овчарка, неміс овчаркасы, Голден Ривер тұқымдас иттер бар. Барлығы да – іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізуге рұқсаты бар «А» санатты қызметтік иттер. Олар тәжірибе жүзінде де өздерінің қызметін құтқару жұмыстары кезінде дәлелдеді. Мәселен, биыл Қызылорда қаласы Байтерек

шағын ауданында үйінен белгісіз бағытқа шығып, қайта оралмаған азаматтың мәйітін «Сталин» каналы маңынан қызметтік «Рапита» лақап атты бельгиялық овчаркасының көмегімен іздеп тапты. Жедел құтқару жасағының құтқарушылары халық қауіпсіздігін үздіксіз қамтамасыз етуге дайын, – дейді Бақыт Сағынбекұлы.

Командалық-штабтық жаттығулар, авариялық құтқару қызметтерінің және азаматтық қорғау құрылымдарының практикалық іс-қимылдары пысықталды. Саптық қарауға азаматтық қорғау, авариялық-құтқару қызметтерінен 49 техника, 119 қызметкер қатысады. Оқу-жаттығу барысында электр сиреналары іске қосылып, құлақтандыру жүйесіне техникалық тексеру жүргізілді.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

САЯЖАЙ ТҰРҒЫНДАРЫ СЫРТ ҚАЛМАЙДЫ

Саяжай тұрғындары шет қалмайды. Қала әкімі Нұржан Ахатов «Ягодка» және «Пищевик» саяжайларының тұрғындарымен кездесті. Халықтың тыныс-тіршілігімен танысқан шаһар басшысы жұртшылықтың талап-тілегін тыңдады.



Кездесуде саяжайлықтар басты көшелерге тас төсеуді, аялдама мен жарық бағаналарын орнатуды, сондай-ақ электр желісін жанартып, қоғамдық көліктердің жүруіне кедергі келтіретін ағаш бұтақтарын балақтау жұмыстарын жүргізуді сұрады.

– Мына талдардың барлығын электр сымна, автобустарға әсер етпейтіндей етіп кесіп, халыққа жағдай жасау керек. Сонымен қатар жолдарға қиыршық тас төсеу керек, ал бұрын төселгендерінің сыр берген



Тұрғындардың көтерген мәселелері бойынша Нұржан Сәбитұлы қажетті шаралар қолға алына-тындығын жеткізді. Жауапты сала басшыларына алдағы он күн ішінде қоғамдық көлік қатынайтын негізгі көшенің бойына 3 дана аялдама орнатуды, жарық бағаналарын орнатуды, жолға тас төсеуді тапсырды.

Айта кету керек, аумағы 92 гектар болатын «Ягодка» мен «Пищевикте» 1200-ге жуық халық тұрады. Тұрғындарды қаламен байланыстыратын қоғамдық көліктер күнделікті қатынауда.

«Ақмешіт-ақпарат»

ДЕНСАУЛЫҚ

Қант диабеті ауруы қоғамда өзекті мәселенің бірі. Бұл аурудың алдын алу – денсаулықты сақтау және өмір сапасын арттыру үшін маңызды қадам. Қант диабетін алдын алу үшін дұрыс тамақтану, дене белсенділігі, артық салмақтан арылу және тұрақты медициналық бақылау қажет.



Әлем бойынша қант диабетімен күрес күніне орай «The Lancet» журналында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, қант диабетімен ауыратын адамдардың саны әлем бойынша 800 миллионнан асып, 1990 жылдан бері төрт есе өскен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) бас директоры, ғылым докторы Тедрос Адханом Гебрейесус бұл осімнің себебі семіздіктің артуы, дұрыс тамақтанбау, физикалық белсенділіктің төмендігі және кейбір әлеуметтік топтардың нашар экономикалық жағдайын атап көрсетеді. Ол қант диабетінің жаһандық эпидемиясын тоқтату үшін мемлекеттердің шұғыл шаралар қабылдауы қажет екенін айтады. Бұл ең алдымен дұрыс тамақтану, физикалық белсенділікті арттыру және ең бастысы, денсаулық сақтау жүйелерін қолдау арқылы профилактика, ауруды ерте анықтау және емдеу шараларын қамтиды. Статистика жылдан-жылға өсіп келеді, бірақ бұған не себеп? Мұны анықтап көрейік.

4-БЕТТЕ



Рустем ИЗТЕЛЕУОВ, Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының №19 сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына кандидат:

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТСЕМ ДЕЙМІН

«Құрылыстың қыр-сырын білу үшін еңбек жолымды құрылыс саласында қарапайым жұмысшы болудан бастадым. Сатылап өскен сайын әр мамандық жауапкершілігін сезіне түссем. Сол саланың қазанында қайнап, тәжірибелі маман болып шығасын», – дейді Рустем Серікұлы.

Құрылыс саласының ыстығына күйіп, суығына тонып, бүгінде бір құрылыс мекемесінің басшысы ретінде сапалы құрылыс салып, ел алғысын аркалап жүрген азамат енді депутат болып елге қызмет етсем дейді. Сұхбат барысында кейіпкердің туған жерді түлетсем деген арман-мақсаты бар екенін білдік.

– Рустем Серікұлы, ең алдымен өзіңіз туралы айтып өтсеңіз...

– Сыр өңірінің бас қаласы – Қызылорда шаһарында дүниеге келіп, туған жерде білім алып, оқып, еңбек етіп келеміз. Мамандығым – құрылысшы. Сонымен қатар «Мемлекеттік жергілікті басқару» мамандығы бойынша жоғары білім алдым. Еңбек жолым құрылыста қарапайым маман болудан бастап, сатылап өстім. Атап айтқанда, «Асар» ЖШС-де жабдықтаушы-маман болудан бастап, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары қызметіне дейін өсіп, осы мекемеде біраз жыл еңбек еттім. Оған кейін «Сыр жиыны КЗ» ЖШС-нің бас директоры қызметін атқардым. Құрылыста, өндіріс орнында еңбек етіп, тәжірибелі маман болдым десем артық айтқандық емес. Қазір «Крус Инвест ЛТД» ЖШС басшысы ретінде өңірдегі құрылыс саласының дамуына, сапалы құрылыс салуға, көпқабатты үйлерді жаңғырту жұмыстарына атсалысып келемін.

3-БЕТТЕ

ӘРБІР ҚАРАЖАТТЫ ТИІМДІ ЖҰМСАУ КЕРЕК

Халықтың сапалы өмір сүруі үшін әлеуметтік мәселелерді шешу бірінші орында екені анық. Осы тұрғыда таза ауызсу, тұрғындарды ыстық сумен қамту жұмысы кезек-кезеңімен жүзеге асуда.

Осы жылы өңірде 13 жаңа жобаға 5 млрд 300 млн теңге бөлінген. Ал 2025 жылы облыс аумағындағы барлық елді мекендер орталықтандырылған ауызсумен 100 пайыз қамтамасыз етіледі деп жоспарланған.

– Президентіміздің қолдауымен бүгінде Қызылорда қаласы ыстық сумен қамтамасыз етілуде. Жоба құны – 26 млрд 200 млн теңге. Келесі жылы беру маусымында қала толық ыстық сумен қамтылады. Өңір тұрғындарының газбен қамту көрсеткіші 75 пайызды құрайды. Биыл газдандыру жобаларына 30 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 306 шақырым газ желілері салынуа. Осы жобалардың арқасында биыл өңірімізді 78 пайызға газбен қамтимыз. Келесі жылы 10-ның үстінде елді мекенді газдандыру жоспарлануда, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында құны 11 млрд теңгені құрайтын 38 жоба жүзеге асырылуда. Нәтижесінде, электр желілерінің тозу деңгейі 72 пайыздан 62 пайызға төмендейді деп күтілуде.

Бәрімізге белгілі қазіргі уақытта облыс орталығында 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы салынуа.

– Жылу орталығының құрылысына инвестор – «Акса Энерджи» түрік компаниясы 127 млрд теңгеден астам инвестиция салған. Жаңа жылу-электр станциясы – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынған ең ауқымды, теңдессіз жобалардың бірі, келер жылы ел игілігіне табысталады, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Облыста денсаулық сақтау саласын дамыту барысында жүйелі іс-шаралар жасалған. Атап айтсақ, өңірде өткен жылы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен 15 дәрігерлік амбулатория мен 1 медициналық бекет пайдалануға берілген. Ал биыл 11 нысанның құрылысы жүрде. Соңғы 2 жылда 4,1 млрд теңгеге 13 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеуден өткізілген. Сондай-ақ облыс орталығында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы жүрде.

– Денсаулық сақтау мекемелерінің автопарктері жыл сайын жаңартылуда. Өткен жылы 25, биыл 200 санитарлық автокөлік табысталды. Осы кезге дейін жеке ғимараты болмаған облыстық қан орталығының жаңа ғимараты қолданысқа берілді. Алдағы уақытта Қызылорда қаласында 200 тосек-орынға арналған орталық құрылысы басталады, – деді Нұрлыбек Нәлібаев брифингте.

Білім сапасын көтеру бағытындағы іс-шаралар да жалғасын тауып келеді. Аймақта балаларға қолдау көрсетуге, дамуына және өзін-өзі жетілдіруге барлық жағдай жасалған.

Өткен жылдан бері облыста 1 мың 720 орындық 6 мектеп, 1 мың 850 орындық 4 мектепте қосымша ғимарат салынып, ел игілігіне табысталғаны белгілі. Биыл жаңадан 3 мектеп, 5 мектепке қосымша құрылысы салынып, пайдалануға берілді. Президент бағдарламасына сәйкес «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған 900 оқушыға арналған білім ордасы облыс орталығындағы жаңа шағын ауданнан ашылған болатын.

Мұнан бөлек, биыл «Қазгермұнай» компаниясының демеушілігімен облыс орталығында 2,5 млрд теңгеге заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. Одан бөлек, «Сауте Ой» компаниясының демеушілігімен 4,8 млрд теңгеге музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынуа.

2024 жыл – Сыр өңірінде «Руханият жылы» деп жарияланған. Игі бастамаға сәйкес, мәдениет саласында ауқымды істер ұйымдастырылған. Солардың бірі ретінде 1000 орындық көпфункционалды «Өнер орталығы», «Отбасы орталығы» пайдалануға берілгенін айтуға болады. Одан бөлек, «Жыраулар үйі» жұмысын бастады.

Сонымен қатар биыл 11,5 млрд теңге қаржы бөлініп, барлық ауданда неке кіно залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі біріктірілген «Руханият» орталықтарының құрылысы басталды. Бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар дәріптеліп, салт-дәстүр насихатталады.

– «Руханият жылы» аясында сол жағалаудан құны 2,3 млрд теңге болатын облыстық тарихи-өлкетану музейі ғимаратын салу жұмыстары басталды. «Анаға тағзым» орталығы пайдалануға берілді. Бытырлан бері мәдениет және өнер, әдебиет өкілдеріне жыл сайын «Тұран» арнайы сыйлығы табыстала бастады, – деді облыс әкімі.

Аймағымызда спорт саласын дамытуда артта қалған емес. Атап айтсақ, биыл халықаралық стандарттарға сай келетін 11 мың орындық «Орталық стадион» және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталған. Жұырда ғана сол жағалаудан «Үстел теннисі орталығы» ашылды. Сонымен қатар жастар мен балаларды спорттық үйірмелермен қамтуға мүмкіндік беретін «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені салынады деп жоспарлануда.

Осы тұрғыда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ауыл балаларына көңіл бөледі ерекше қолға алғанын тілге тиек етті. «Ауыл балаларына үміт артуымыз керек. Спорт кешені бүгін салынып болды, нәтиже шығады деген сөз емес. Біз ауыл балаларына сенеміз. Жастарға мол мүмкіндік беріп отырымыз. Сондықтан алдағы уақытта сенімді ақтайтын, спорттан аймақ атын шығаратын балалар шығатынын сенемін, – деді облыс басшысы.

Өңірде жол сапасы едәуір жақсарып келеді. Жол қатынасының жақсаруы жолшығару тасымалының дамуына жағдай жасайтыны анық.

«Қызылорда-Жезказған» автожолы бүгінде көпшіліктің көкейінде жүр. Президенттің тікелей тапсырмасымен биыл осы автожол қайта жаңғыртылуда. Жоба құны – 108 млрд 500 млн теңге. Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 140 шақырымы аяқталды. Қалған бөлігі 2026 жылы ел игілігіне беріледі.

Сондай-ақ «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі аумағын төрт жолақтыға айналдыру мәселесі де Мемлекет басшысының тапсырмасымен оң шешілуде. Халықаралық дәліздің осы аумағын 1-санатқа ауыстыру бойынша «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамы жобасметалық құжаттама әзірлеуде.

Ал Қызылорда облысында республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 44 млрд 703 млн теңгеге 300 шақырым автомобиль жолы жөндеуден өткен. Атап айтқанда, облыс орталығының негізгі көшелері әуежайдан Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық, қалаға Шпенділер кіреберіс жол, Яссаун, Жаппасбай батыр магистралды көшелері, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төрт жолақты болып кеңейтілді.

Одан бөлек, Қызылорда қаласында 4 млрд 700 млн теңгеге Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол асты автожолы, Арал, Жанакорған аудандарында теміржол үстінен аспалы көпір құрылыстары жүрде.

Қазіргі таңда Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында барлық өңірде ауқымды жұмыстар атқарылуа. Біздің аймақта санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар өз деңгейінде жүргізілуде деп айтуға болады. Мәселен, қаламыздағы орталық алаң демеуші есебінен 1 млрд теңгеге жаңғыртудан өткізілді. Ал аудандарда, ауылдарда демеушілер арқылы аллеялар мен парктер салынып, ел игілігіне пайдалануға берілген. Біздің өңірде көптеген жұмыс кәсіпкерлердің қолдауымен жасалады. Мәселен, осы жолы да демеушілік және бюджет есебінен Қызылорда қаласында 49 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панелдермен жаңартылса, құны 1 млрд 600 млн теңге болатын 80 ойын және спорт алаңы салынған. Бұл тұрғындардың жайлы ортада өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалғанын айқын көрсінді.

Президент тапсырмаларын жүйелі іске асырып, одан әрі дамыту жолындағы тірліктер мұнымен тоқтап қалмайтыны анық. Сыр өңірінде серпіліс көп. Атқарылар ауқымды тірліктің нәтижелерін алдағы уақытта да көретініміз белгілі.

Брифингте аймақ басшысы БАҚ өкілдерінің сұрағына жауап берді.



Ыстық сумен қамту түбегейлі шешіледі

Райхан Тәжібаева, 24 қз:

– Республика бойынша ыстық сумен қамтылмаған облыс орталықтарының бірі – Қызылорда қаласы. Өткен жылы Мемлекет басшысы өңірге жұмыс сапарымен келген кезде ыстық сумен қамту мәселесін шешу бойынша тапсырма берген болатын. Қазіргі таңда осы жұмыстар қай деңгейде жүргізілуде?

Облыс әкімі:

– Облыс орталығы – Қызылорда қаласының ыстық сумен қамтылмауы бізге, әрине, үлкен сын. Сондықтан біз осы мәселені шешу жөнінде Ел Президентіне ұсыныс айттық. 2023 жылы 10 қазанда Мемлекет басшысының Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту мәселесін шешу туралы тапсырма берілді. Соған орай көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамту мәселесін шешу мақсатында жергілікті бюджет есебінен қаладағы 423 үйді ыстық су жүйесіне қосу үшін жалпы құны 26,2 млрд теңгені құрайтын жоба әзірленді. Соның нәтижесінде қала бойынша 624 көпқабатты тұрғын үй ыстық суға қосылатын болады.

Үкімет басшысының қолдауымен биылғы жылы 187 үйді ыстық сумен қамтамасыз ету үшін Үкімет резервінен 11 млрд теңге қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл жұмыс толығымен жыл соңына дейін аяқталатын болады. 2025 жылы қалған 236 көпқабатты тұрғын үй ыстық сумен қамтылады.

Халық сапалы су шешеді

Нұрлан Жақыпбек, «Хабар» агенттігі:

– Президент тапсырмасына сәйкес, 2025 жылы барлық елді мекен толық сапалы ауызсумен қамтылуы қажет. Біздің аймақта осы бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?

Облыс әкімі:

– Сапалы ауызсу тұрғындар үшін өте маңызды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес барлық елді мекендер орталықтандырылған ауызсуға 2025 жылы толық қосылуы қажет. Бұл бағытта біздің өңірімізде үлкен жұмыс атқарылды. Қазіргі таңда 98,5 пайыз орталықтандырылған ауыз суға қосылған. Яғни, сапалы ауызсу тұтынуа. Қазір 13 жобаны жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 5 млрд 300 миллион теңге қаржы бөлінді. Келесі жылы бұл жобалар толық аяқталады деп күтілуде. Соның нәтижесінде 2025 жылы өңір халқы сапалы ауызсумен толық қамтылатын болады.

Жолдың жайын жүрген білер

Мәлдір Қожахметова, «Астана телеарнасы»:

– Қазіргі таңда өңірде жолдарды кеңейту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. «Қызылорда – Жезказған» авто жолы бойында жұмыстың жанданғаны көп жүргізушіге қуаныш сыйлағаны рас. Бұл жолдағы жұмыс қарқынды қандай және қашан аяқталады?

Облыс әкімі:

– «Қызылорда – Жезказған» авто жолының 216 шықырымы біздің облысымызға тиесілі. Қазіргі таңда 140 шықырымнан астамы аяқталып, пайдалануға берілді. Сапалы жолдың игілігін халық көруде. Бұл жобаның құны – 108 млрд теңге. Президенттің қолдауымен тікелей жүзеге асуда. Қалған 70 шықырымнан астам бөлігін 2025 жылы аяқтап, ел игілігі үшін пайдалануға беретін боламыз. Сапалы жолмен өзге қалаларға қатынау нығая түседі. Сондықтан маңызды жолдардағы жұмыс сапалы, уақытылы іске қосылуы тікелей бақылауымызда.

Егін шаруашылығын әртарапандыруға басымдық берілуде

Әділжан Үмбет, «ҚазАқпарат»:

– Аймақтың егіншілік саласын әртарапандыру мақсатында қандай шаралар қабылданды?

Облыс әкімі:

– Жыл сайынғы вегетация кезеңінде орын алып отырған су тапшылығын азайту мақсатында егін шаруашылығын әртарапандыруға басымдық берілуде. Биыл облыста егіннің ауыл шаруашылығы дақылдарын тұрақты суаруға 3,7 млрд текше метр су лимиті белгіленді. Облыста егіс көлемін әртарапандыруда соя дақылдың көлемі 111 гектарға, қант құмайы 240 гектарға, жүгері 1 мың гектарға, сүрлем жүгері 1,3 мың гектарға жеткізілді. Сонымен қатар, суды көп қажет ететін дақылдар көлемі оңтайландырылып, орнына су үнемдеу технологияларының және суды аз қажет ететін дақылдар көлемін ұлғайтуға мән берілді. Атап айтқанда, биыл су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы егін көлемі 4,4 мың гектарға жеткізілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 есеге артық.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес алдағы 5 жылда су үнемдеу технологияларының ықпалымен егіс көлемі 24,2 мың гектарға жеткізіледі. Су шығынын азайту және үнемдеу мақсатында күршіттік тілік лазерлік тегістеуден өткізіп, өнімділікті жоғарылату жұмыстары жүргізілуде. Әрине, біз егістікке берілетін суды барынша үнемдеп, Арал теңізіне жіберілетін су көлемін де ұлғайтуымыз қажет. Биыл Арал теңізіне түскен судың көлемі едәуір ұлғайды. 2022 жылы теңіздегі су көлемі 18,5 млрд текше метрге дейін азайған болса, биыл су көлемі 22 млрд текше метрге жетті.

Мемлекеттік қызметкерлер адал жұмыс істеуде

Жансая Қамбар, Бак. Kz:

– Сыйбалас жемқорлықпен күресте қандай іс-шаралар қолданылып жатыр?

Облыс әкімі:

– Кейінгі кезде барлық мемлекеттік қызметкерлердің атына кір келтіретін әңгіме көптеп айтылып жүр. Оған дәлелдері жоқ. Адал жұмыс істеп жүрген жандарға дәлелсіз жала жабу ұят. Бәрі паракор, ақша сұрайды дегеннің бәрі бос сөз. Өңірде кемшілік жоқ деп айта алмаймыз. Дегенмен, күндіз-түні адал қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметкерлердің еңбегін жоққа шығармау қажет.

Футболға 5 млрд теңге бөліп, «Қайсарды» чемпион қылмай-ақ қойдым

Бек Төлеуов, «Ел.kz»:

– Соңғы төрт жылдан бері «Қайсар» футбол клубында үлкен мәселе бар. Соңғы жылдары футболшылардың жалақысы уақытылы төленбейді екен.

Облыс әкімі:

– «Қайсардың» бұрын келе жатқан қарыздары бар. Оларды шешу үшін тиісті мекемелер жұмыс істеп жатыр. «Қайсар» командасын қолдауға тиісті қаражатты бөліп келе жатырмыз. Қазіргі таңда 1 млрд теңгеден астам қаржы қаралған. Бүкіл қаржыны «Қайсарға» бөліп, қарап отыра алмаймыз. Халыққа ең қажетті деген жобалар, өзекті мәселелер бар. Клубтың басшысы келіп, «бюджеттің көтерейік, сонда біз жақсы нәтиже көрсетіп, бірінші не екінші орында боламыз», – деді. Футболға 5 млрд теңге бөліп, «Қайсарды» чемпион қылмай-ақ қойдым. Сондай-ақ аталған команданың құрамын алдағы уақытта қайта қарайтын боламыз. Сырттан келгендерге емес, өзміздің өңірдің, ауыл балаларының өсуіне жағдай жасалатынын болады. Одан да ауыл спортын дамытуға көңіл бөлу керек. Басқа өңірлермен салыстырған футболға ең аз қаражат бөлінген аймақтың ішіндеміз. Оны мойындаймын. Футболға есепсіз қаражатты жұмсай беруге қарсымын. Әрбір қаражатты тиімді жұмсау керек. Ауыл спортын дамытуды үнемі айтып, осы мәселені шешуді қолға алдық. Басқа да спорт түрлерін дамытып ауыл арасынан елге жаны аштын мықты азаматтарды тәрбиелеп шығарған дұрыс деп ойлаймын.

Р.С. Айта кетейік, аймақ басшысының брифинг барлық деңгейдегі әкімдерге ел игілігі үшін аянайы еңбек етудің нағыз үлгісін көрсетті.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Рустем ИЗТЕЛЕУОВ, Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының №19 сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына кандидат:

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТСЕМ ДЕЙМІН

– Сіз басқаратын компания қандай құрылыс жұмыстарын атқаруда?
– Негізінде көпқабатты тұрғын үйлерді жаңғырту жұмыстарын атқарып жүрміз. «Көпқабатты тұрғын үйлерді жаңғырту» бағдарламасы аясында қаламыздағы ескі көпқабатты үйлер біраз жаңарып қалды. Бұл бағдарлама тұрғындардың ұсынысы-пікірі, келісімімен жүзеге асады. Себебі жөндеу жұмысының қаржысын төлейтін тұрғындар екені белгілі. Сол себепті бұл бір жөндеу жұмысы емес, халықтың қаржысына лайық сапалы жұмыс істеу деп түсінген жөн. Себебі тұрғындар әрбір жөндеу жұмысының ұзақ жылға төзімді болғанын қалайды. Біз сапаға кепілдік беру үшін әрбір жұмысқа жіті мән береміз. Тіпті құжатта көрсетілген тиісті қаржыдан артық жұмыс істейміз. Үйдің ауласына дейін жаңартып, бейнебақылау орнатамыз. Тағы бір айта кетерлігі, жөндеуден өткен үйге үш жыл бойы кепілдік береміз. Яғни сол жылдар ішінде жөндеу жұмыстарынан бір мін табылса, қайта жөндеп беруге дайынбыз. Біз үшін ең бастысы – халықтың алғысын алу. Біздің компанияның жұмысына бүгінгі күнге дейін еш шағым түскен жоқ.

– Шыны керек, қазір өндіріс, құрылыс саласына маман жетіспеушілігі байқалады. Бұл мәселені қалай шешуге болады?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы бекер емес. Шынында, құрылыста да, өндірісте де маман жетіспеушілігі байқалады. Себебі жастарға оңай, таза жұмыс керек. Кабинетте отыратын жақсы қызмет, болмаса курьер, таксист, күзет секілді оңай жұмысқа жастар көп барады. Ал жиіз өндірісі, құрылыс саласына маман таппай қалатынымыз шыныдақ. Сол себепті қоғамда жұмысын мамандығының беделін көтеріп, көп насихаттай беру қажет деп ойлаймын. Өйтпесе, маман тапшылығы жылдан-жылға өзекті бола береді. Қазір қаладағы кәсіптік-техникалық колледждің студенттері бізге тәжірибеден өтуге келеді, сол кезде мамандығы бойынша жұмыс істегісі келгендер қалады. Мұндай ынталы жастарды көтермелеп, білікті маман болуына көмектесеміз. Жұмыс істеймін, құрылысшы болармын деген жастарға қай кезде де есігіміз ашық. Біз үйретуден жалықпаймыз.

– Қалалық мәслихат депутаты болсам деп талаптаным жатыр екенсің. Сайлауалды бағдарламаның қандай мәселені қамтыдыңыз?

– Негізі бұған дейін де саяси долада ынталандым, халықпен етене араластым деп айта аламын. 2020 жылы праймеризге қатысып, депутат болу үшін жауапкершілік екенін түсіндім. Әрбір айтылған мәселе, сенім арқан халықтың пікіріне бейжай қарауға болмайтынын жақсы түсінемін. Міне, араға уақыт салып, саяси өмірге араласып, халық пен биліктің арасында алтын көпір болу, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге туған жердің бір азаматы ретінде атсалысуды мақсат етіп, саяси долада бақ сынауды жөн көріп отырмын. Қызылорда қалалық мәслихатының №19 сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына үміткер ретінде округтің жай-жапсарымен таныстым, қандай мәселелер бар екенін зерделедім. Өрине, халық үшін жайлы инфрақұрылым бірінші орында екені даусыз. Сол себепті округте қарасты аймақтың инфрақұрылым жайына баса назар аудардым. Инфрақұрылым жүйесін жақсарту, көпқабатты тұрғын үйлердің жылу жүйелерін жаңғырту, білім беру мекемелерінің маңайындағы инфрақұрылымдық жүйелерді жаңғырту, «Саяхат», «Сәулет» шағын аудандарындағы ыза судан пайда болған көліктер, аяқсу мәселесін шешуге ықпал етуді жоспарладым. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында әрдайым тұрғындардың талап-тілегін ескеріп, жастармен де, үлкендермен де кездесу ұйымдастырып, пікірлесуді мақсат еттім. Шынығында, халықпен кездесу барысында көп мәселені түйін шешіледі, ақсақалдар ақыл қосады. Сол себепті елмен жиі кездесу ұйымдастырған тиімді деп ойлаймын.

– Қазір депутаттыққа кандидат ретінде тұрғындармен кездесіп жүрсің. Кездесуден түйеніңіз...

– Халықтың көңіл-күйі жақсы. Мені де тыңдап, өздерінің де ұсыныс-пікірлерін айтып отыр. Өлгенде айтып өткендей, ел өз жағдайын емес, ортақ мәселені көтереді. Көпшіні жарығы, жолы, суы деген секілді инфрақұрылымды жақсарту мәселелерін айтады. Сондай-ақ бұл мәселелердің кезең-кезеңімен шешіліп жатқанын да жақсы біледі. Ең бастысы, халық қоғамдағы кез келген мәселеге бейжай қарамайды, серек. Елдің айтқан ұсыныс-пікірлерін қойын дәптеріме түртіп алып жүрмін.

– Азамат ретінде ұстанымыңыз...

– Елге қызмет етсем деймін. Еңбегіммен, біліміммен, адал қызмет етсем деген биік мақсатым бар. Туған жерді түлетуге азамат ретінде ұлес қоса аласың, еңбегімізбен туған қаламызда бір қолтанбамыз қалса деген ниетпен алға басып келеміз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА
Басы 1-бетте Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Кез келген адамның сүрінген сәтте қайта тұрып, қадамын жалғастыруға хақысы бар. Өмір болған соң түрлі жағдай болады. Бір мәрте қателесіп, кейін жазасын өтеп келген әрбір азамат қоғамнан орнын табуы керек. Өйткені олар да – осы елдің азаматы. Біз қоғам болып, олардың ортаға бейімделуіне ықпал етуіміз керек.

«Қайта тұрып, хақың бар жүгіруге»

Ақын Мұқағали бір өлеңінде:

«Мәңгі сені жазбаған сүрінуге,

Қайта тұрып, хақың бар жүгіруге», – деген емес пе?!

Бүгінде біз жазасын өтеп келген әрбір азаматтың тұрақты жұмысқа орналасуына, ойындағы бизнес жоспарын іске асыруына барынша атсалысып, көмектесіп келеміз.

Бүгінгі таңда жергілікті полиция және қалалық пробацация қызметі есебінде тұрған 468 адамға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілді. Оның 61-і – әйелдер. Ал басым көпшілігі 16-35 жас аралығындағы азаматтар. Яғни, олардың саны 259-ға жеткен. Олардың әрбірі бақылауда тұр. Жыл басынан бері 122 азамат түзету мекемелерінен босап шықты. Оның 46-сы пробацациялық есепте, ал 76-сы – жазасын толық өтеп шыққандар.

Быыл 124 жазасын өтеп шыққан азамат қоғамның түрлі

саласы бойынша жұмысқа орналасты. Ал сүрінгенге сүйеіні болып, құлағанның қолтығынан демейтін «Бастау-бизнес» бағдарламасы бойынша 20 азамат сертификат алған. Ал оның 15-інің бизнес жобасы мақұлданып, қайтарымыз грантка ие болды.

Олардың қоғамға сіңіп кетуі үшін біз барлық мүмкіндіктерді қарастырып жатырмыз. Облыстық жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында қол күрес, үстел теннисі және волейбол спорт түрінен бірнеше мәрте сайыс ұйымдастырдық. Ал «Евразия» спорт кешенінде жебе атудан өткен жарыс та жоғары дәрежеде өтті.

Ғалымжан ОРАЗБЕКОВ, Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту орталығының заңгері



Индира БЕРДИҒАЛИ, облыстық тілдерді оқыту орталығының ағылшын тілі оқытушысы:

ҚАТЕЛІКТІ ЖОЮҒА ТАЛПЫНБАСА, МАҚСАТ АЙҚЫН БОЛМАЙДЫ

– Индира Қазықерейқызы, бүгінгі заман талабы – тіл үйренудің маңызды тоқтала кетсе...

– Өте маңызды сұрақ. Тіл білуге байланысты: «Бір тіл білген – бір адам, екі тіл білген – екі адам» деген тағлым бар. Қанша тіл білсең, сонша биіктесің деген түсініктің де ауқымы кең. Есіңізде болса, философ Әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген, ұлы Абай орыс, парсы, араб, түрік, шағатай тілдерін меңгеру арқылы рухани көкжиегін кеңейтсе керек. Қазіргі заманда да елімізде полиглоттар бірнеше тілді меңгеріп, түрлі салаларында қызмет атқарып жүр. Көп тіл білудің пайдалы жағы – табысты болуға кепілдік. Сіз репетитор ретінде қосымша ақша таба аласыз, мақалаларды, эсселерді аударасыз, құжаттарды рәсімдеуге көмектесесіз және ақылы негізде басқа қызметтерді көрсете аласыз. Өзіңіз ойлап қарасаныз, жұмысқа қабылдарда бірнеше тілді меңгеру дағдыларына аса мән береді. Яғни, үміткерлер арасынан тіл білу артықшылығыңызға қарай жұмысқа сәтті орналасуыңыз әбден мүмкін. Қазіргі таңда онлайн сервистер дамып келеді. Бір мезетте бірнеше қызмет түрін ұсына отырып табуға да болады. Сонымен бірге шетелдік оқытушылардың әндерін аудармасыз тыңдау, туризм саласына еркін бойлау, тіпті арнайы әдебиеттерді оқу үшін де ағылшын тілін жетік меңгеру қажет. Тілді оқып-үйренуге деген мақсатыңыз уақыт өте келе сіздің үйренішті хоббиіңізге айналары сөзсіз. Сіз ана тіліңізбен қатар бірнеше тілді оқып-үйренуге ниетті болсаңыз, сонша елдің тарихы мен мәдениеті, экономикалық, әлеуметтік мәселелері мен өмір салтын меңгересіз. Ағылшын тілі – әлемдегі қолданыс аясы кең тілдердің бірі. Сондықтан тілді үйрену ешқашан кеш те, артық та болмайды.

– Ағылшын тілін үйренуде қайсысы маңызды? Грамматиканы үйрену ме, әлде практикада қолдану жеткілікті ме?

– Қандай тілді үйренсеңіз де, бірінші грамматикалық нормаларын меңгеріп алған дұрыс. Мысалы, қазақ тілін үйренуші алдымен септік, көптік жалғаулардың дұрыс жалғануын үйренеді. Болашақта дұрыс сөйлеудің алғышарты бүгіннен басталуы тиіс. Ағылшын тілінің тілдік заңдылықтары мен нормалануын білмейінше дұрыс оқу мен дұрыс жазуға кепілдік жоқ. Әдістемеле ережелерді тәжірибесіз үйренуді «пассивті» білім деп қарастырады. Негізгі грамматиканы тереңрек білген сайын соғұрлым тілді сапалы меңгеруге мүмкіндік туады. Ал тәжірибеде қолдана отырып үйрену бұл бастапқы деңгейдің лексикалық минимумын меңгеруге, қысқа сөйлемдер мен сөз тіркестерін құрай отырып сөйлеуге көмектеседі. Бірақ бұл толық әрі дұрыс конструкциялауға кепілдік бермейді. Грамматиканы оқыту барысында орындалатын жаттығулардың өзін іштей бірнеше бөлікке бөлеміз. Олар: фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық мазмұндағы тапсырмалар. Фонетикалық жаттығуларды орындау арқылы сіз айтылған буындар мен дыбыстарды дұрыс ажырата аласыз, морфологиялық жаттығулардың мақсаты – тілдің морфологиялық құрылысын, сөздің тұрласын тану мен сөз таптарын білуге дағдыланасыз. Мәтіндегі сөйлемдердің дұрыс орналасуы, тыныс белгілерінің орынды қойылуы туралы мәселе синтаксистік бөлімде қарастырылады. Осы ретте, сурет бойынша сөйлем құрау, берілген аудиовизуалды тапсырмалар арқылы мәтін құрастыру жаттығулары үздіксіз беріліп отырады. Тілді үйренуде лексикалық

минимум ең маңызды элементтердің бірі. Қандай да бір тілді оқытуда қолданылатын әдіс – сөздік қормен таныстыру. Бұл ретте тыңдаушылардың деңгейіне байланысты меңгеруге тиіс сөз саны бекітіледі. Мысалы, қарапайым деңгейде 50-100, орта деңгейде 200-250, жоғарғы деңгейде сөз саны еселеніп отырады. Жалпы грамматиканы оқыту барысында аудиовизуалды құралдарды қолданудың артықшылығы басым. Себебі мәтін тыңдау, фильмдерді көру арқылы тіл үйренушінің нақтылық, дәлдік қабілеттері дамиды.

– Өңгіме барысында фильмдер деп айтып қалдыңыз. Ағылшын тілін үйренуде фильм көрудің қаншалықты маңызды бар? Басты назарда нені ұстау керек?

– Тіл үйрету әдістемесінде АКТ құралдарын қолдану мүмкіндігін пайдалану ұсынады. Тыңдаушыны жалықтырмай отырып тіл үйренуіне оң әсері бар. Фильмдерді тамашалаған кезде тыңдаушының есту, көру дағдылары көбірек іске қосылады. Нақты әрі шынайы ақпаратты қабылдау арқылы, тыңдаушы да таза сөйлеуге машықтанды. Мысалы, тыңдаушы ретінде сіздің деңгейіңізді анықтай отырып, мультфильмен бастап мюзикл, драма, триллер, комедияға дейінгі деңгейдегі өнімдерді көрсетуге болады. Егер тыңдаушы бастапқы деңгейде болса, триллер немесе драмаларды көрсету – болашақта тіл үйренушінің талабын тежеп, қызығушылығын кемітуі мүмкін. Жоғарыда айтып өткенімдей, қандай тілді үйрену мақсатын көзденсіз сол елдің тарихымен танысасыз. Кино арқылы сол елдің болмысын, құндылығын, тарихы мен мәдениетін үйрене аласыз. Егер сіз өз бетіңізше фильм таңдауды ұйғарсаңыз, бір кеңес айтайын, шынайы сөйлейтін картиналарды таңдаңыз. Қазір шыныдаққа жанаспайтын қиял, фантастика жанрындағы көрсеткімдер көп. Мұндағы сөйлеу ритмі, сөйлеу тілі сізді шатастыруы әбден мүмкін. Сондықтан қарапайым, шынайы сөйлейтін фильмдерді қараған дұрыс. Сондай-ақ фильмдердегі актерлардың сөзі мен субтитрлардың сәйкестігі де сізге әсер етуі мүмкін. Сапалы фильм таңдау – сіздің тілді сапалы үйренуіңізге жасалған қадам деп айтар едім. Фильмдегі сөздерді жазып отыратын дәптер арнаңыз. Мүмкін планшет, компьютер немесе басқа да жазуға қолайлы орын таңдаңыз. Сөздің қазақ және орыс тіліндегі баламасын қатар жазып, бірнеше рет дауыстап оқып отырғаныңыз дұрыс. Фильмдердегі диалогтарды қолданылатын сөйлеу дағдылары менгеру жеңіл болғандықтан ауызекі сөйлеуді көбірек қараған дұрыс.

– Өзге тілде жақсы, акцентсіз сөйлеу үшін қандай ақпарат көздерін немесе оқу-жаттығу құралдарын ұсынасыз?

– Ағылшын тілінің айтылуы ағылшын тілін үйренудегі ең қиын кезеңдердің бірі. Солай бола тұра, біз оны көп жағдайда елемейміз және оның маңыздылығын екінің орына қоямыз. Ағылшын тілінің айтылуының көптеген нұсқалары бар: канадалық, австралиялық, орта атлантикалық және т.б. Дегенмен ең танымалы – ағылшын тілінің британдық және американдық нұсқалары. Ағылшын сөздерінің жазылуы мен айтылуындағы айырмашылықтар айтарлықтай көп. Мысалы, ағылшын әліпбиінде небәрі 26 әріп болса да, ағылшын тіліндегі дыбыстар екі жүзінде екі есе көп. Кейбір ағылшын сөздерінің емлесі бірдей, бірақ контекстке байланысты басқаша айтылады, ал кейбір сөздердің айтылуы бірдей болуы мүмкін, бірақ мағыналары мүлдем басқа және (зонд арқылы) қолданылады. Ана сүтінде нәрестенің иммунитетін нығайтатын және өсуін қолдайтын маңызды қоректік заттар бар. Уақыттың ерте босанған аналар ескеруі керек тағы бір нәрсе инфекциядан қорғау. Шала туған нәрестелердің

жазылуы әртүрлі. Сонымен қатар ағылшын сөзінің емлесі бұл сөздің қалай айтылуы керектігін мүлде айтпайды. Сөздіктерде әрбір ағылшын сөзінің транскрипциясы бар, ол сөздің қалай айтылатынын көрсетуге тырысады. Сөзді дұрыс айту, дауыс пен екпінді дұрыс қоюға арналған арнайы оқу құралдары бар. Оларды таңдау барысында өзіндік деңгейіңізді анықтап қолданған дұрыс. Сөйлеу мүшелерін дұрыс қозғалту сызбалары бар дидактикалық материалдар да бар. Ғаламторда ағылшындық тренерлердің видеосабактарында көрсетілетін дыбыстарды дұрыс айту жаттығуларын көбірек қарау керек. Өз бетіңізше сөйлей отырып видео түсіріп, оны қайта тыңдап көріңіз. Бұл ретте сіз сөйлеу тіліндегі кейбір кемшіліктерді байқамауыңыз мүмкін, ал кәсіби маманмен, арнайы жаттықтырушымен бірге дайындалатын болсаңыз, тілдік бәрдерді жоюға көмектеседі. Сөздің орайы келгенде айта кететін бір мәселе бар, облысымызда тілдерді оқытуға арналған бір ғана орталық бар. Орталық қызметі арқылы ағылшын тілін үйренетін әрбір адам сұрақтарына жауап ала алады. Айтылым дағдысын жақсартуға көмектесетін

ықтималдығы жоғары әдіс – ән айту. Әнді дауыстап айту, қайталау, караокемен ән салу сізге көмектеседі. Жалпы тәжірибеде ән айтқан адам қорқыныш, үрей, шамадан тыс уялу сезімдерінен алыс болады. Біз ретте айтқым келгені, сенімділік артады. Ал сенімді адам өмірде ағылшын тілінде таза сөйлеуге мол мүмкіндік алады. Ағылшын тілінде дұрыс сөйлеуді тексерудің тағы бір қызықты, әрі сенімді жолы – speechpad.pw. Бұл ресурс қаншалықты жақсы және дәл дыбысталғанын бағалауға мүмкіндік береді. Сайт Google Chrome браузері арқылы дұрыс жұмыс істейді. Жай ғана StartRecording түймесін басып, кез келген сөзді немесе сөйлемді айтыңыз. Төменгі терезеде бағдарлама дыбыстарды пайыздық қатынаста қаншалықты дәл айтқаныңызды көрсетеді. Ал егер сіз қандай да бір дыбысты қате айтсаңыз, бағдарлама мүлде басқа сөзді таңуы мүмкін. Сізге қандай дыбыстар шығатыны және қайсысы жұмыс істеуге қолайлы екені бірден белгілі болады. Егер сіз «жазба» сөзінің жанына күсбелгі қойсаңыз, бағдарлама сіздің сөйлеуіңізді жазады – сіз өз дыбысыңызды сырттан тыңдай аласыз.

– Ағылшын тілін үйренуде тіл үйренушілер тарапынан жіберілетін қандай да бір қателіктер бар ма?

– Қателік дейсіз бе? Өрине, адам бір нәрсені үйрену, жанадан жасау, қабылдау кезінде қателіктерімен бірге жұмыс істеп үйренуі тиіс. Егер тіл үйренуші өз қателіктерін дер кезінде тауып, онымен жұмыс істемесе, мақсаты ақын болмайды. Оқытушы бағыт береді, ресурстарды ұсынады, жаттықтырады. Бірақ сабақ кезіндегі 1-2 сағат жаттығуды басқа уақытта жалғастырып, дамыта алмаса, тілдік келерге жақсыраа сөзсіз. Одан кейін ішкі сенімділігі төмендейді, сенімділік жоғалғаннан ынтасы жоғалады, әрі қарай құлдырай береді. Тыңдаушыларымыз арасында да қателігімен күресуді қиын түйін көретін адамдар кездеседі.

Тыңдалым жұмысы басталатын сәттен бастап қобалжу, тапсырманы орындауға деген белсенділігі төмендеу әрекеттері байқалады. Сөйкесінше, грамматикалық жаттығулар мен жазылым тапсырмаларын орындағысы келеді. Бұл әдіс арқылы сіздің тіл үйренудегі әрекетіңіз нәтижесіз болады. Тағы бір тыңдаушылар шымдамсыздық танытып, қурстан бас тартып немесе сабаққа жиі келмей қалып жатады. Сіздің түсінігіндегі тіл үйрену деген сөз сөйлеуді жанадан бастау деген ұғым. Мысалы, тілі енді шыққан бала «ана», «әке», «ата» деп айта бастайды.

Сол сияқты тыңдаушының өзге тілді үйренудегі қадамдары да тіл сындыру әрекеттерімен үйлеседі. Адамдар бір нәрсені жасау үшін оларға мотивация қажет. Достары немесе туыстары ерекше қолдау білдіріп, сөзбен, іспен құлшынысын арттырады. Бұл да қажет дүние. Тіл үйрену мұқтажықтан немесе мәжбүрлікпен туындамауы қажет. Тіл үйренуге әрбір адам өзінің шын ықыласымен, ниетімен келген дұрыс деп есептеймін. Кейде тыңдаушылар арасынан жұмыс беруші тарапынан қойылған талапты орындау үшін үйренемін деушілер де болады. Тыңдаушыларға айтарым, тіл үйренуге бекінген әр адам сыртқы және ішкі мотивациясын үйлестіре білгені абзал.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін көп рахмет.

Өңгімелескен Е.БАЙМЕНТАЕВ, облыстық жастар ресурстық орталығының кеңесшісі

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Шала туған нәрестенің денесі толық жетілмеген және өмірлік маңызды функциялары толықтай қалыптаспағандықтан олардың күтімі ерекше көңіл бөледі талап етеді. Мұндай балалардың денсаулығын

Шала туған сәбиге қандай күтім қажет?

сақтау және қалыптасу дамытуға баса мән беру керек. Әсіресе, шала туған нәрестелердің терморегуляциялық жүйесі толық қалыптаспағандықтан, оларды арнайы инкубаторларда ұстау маңызды. Бұл құрылғылар қажетті тұрақты температура мен ылғалдылықты қамтамасыз етеді, нәресте денесінің жылу жоғалтуын болдырмайды.



иммундық жүйесі әлсіз болады. Олар инфекцияларға сезімтал. Сол себепті анасы қатаң гигиеналық талаптарды сақтауы қажет және баланы көпшілік орындардан оқшаулаған жөн. Сонымен бірге шала туған нәрестелерде жиі тыныс алу жетіспеушілігі болады. Себебі олардың өкпе тіндері толық қалыптаспаған. Сондықтан кейбір жағдайларда арнайы аппараттар көмегімен қосымша тыныс алдыру (механикалық желдету) қажет болуы мүмкін.

Дәрігерлер тарапынан шала туған нәрестелерге арнайы медициналық бақылау жасалады. Олардың дамуы, салмақ қосуды және жалпы денсаулығы тұрақты түрде тексеріліп отыруы тиіс. Әсіресе жүйке жүйесі мен жүрек-қан тамыр жүйесін ерекше бақылау қажет. Шала туған нәрестесі бар аналарға нәрестенің күтімі қиындық тудырады. Осы ретте оларға эмоционалдық және психологиялық қолдау қажет. Бұл нәрестенің дамуына және ата-аналардың өздерін сенімді сезінуіне оң әсер етеді. Шала туған нәрестелердің күтімі көп уақыт пен шыдамдылықты талап етеді. Бірақ дұрыс және мұқият күтімнің арқасында олардың денсаулығын жақсарту және дұрыс дамуын қамтамасыз етуге болады.

Г.ТОЛЕПБЕРГЕНОВА, Б.ИСАЕВА,

Қызылорда облыстық перинаталдық орталығының неонатолог-дәрігері

СУСАМЫР

сырқатынан қалай сақтанамыз?

ӘЛЕМДЕ ӨСІМ БАЙҚАЛАДЫ

Зерттеулерге сүйенсек, әлем бойынша 450 миллионға жуық адам 1-ші және 2-ші типтегі қант диабетімен ауырады, бірақ олардың көпшілігі тиісті ем қабылдамайды, бұл келешекте басқа аурулардың дамуына алып келуі мүмкін. «The Lancet» журналында жарияланған жаһандық талдау нәтижесінде 1990 жылдан 2022 жылға дейінгі аралықта ересектер арасында қант диабетімен ауыратындардың көрсеткіші 7 пайыздан 14 пайызға дейін өскені анықталды, әсіресе табысы төмен және орташа елдерде өсу байқалды.

Қазақстандық диабетті зерттеу қоғамының төрағасы, медицина ғылымдарының кандидаты Жанай Акановтың пікірінше, қант диабетінің өсуі бірнеше себептерге байланысты, оның ішінде халықтың өз денсаулығына салғырт қарауы да бар.

– Өкінішке қарай, қант диабеті анықталған кезде көптеген адам оны елемейді немесе жеңіл қарайды. Диабетікердің тек 24 пайызы емдеу кезінде қант деңгейін қалыпты деңгейге жеткізеді, ал 76 пайызы қанында қант жоғары деңгейімен өмір сүреді, – дейді ол.

Қазақстандағы жағдай да күрделі. Ресми мәліметтер бойынша, Қазақстанда қант диабетімен ауыратын адамдардың саны 505 мыңнан асты, ал сарапшылардың пікірінше, қандағы глюкоза деңгейі жоғары адамдардың нақты саны 800 мыңға жуықтайды. Қазақстандық диабетті зерттеу қоғамының төрағасы, медицина ғылымдарының кандидаты Жанай Акановтың айтуынша, бұл көрсеткіш 20 миллион халқы бар республика үшін өте үлкен.

– Бүгінгі күні қазақстандық эндокринологтар күніне жүзге жуық жана наукас тіркейді. Осындай қарқынмен 2030 жылға қарай Қазақстанда қант диабетімен ауыратын адамдардың саны 800-850 мыңға жетеді деп болжанады, – дейді ол.

Шынымен, Қазақстандағы жағдай алаңдатарлық. «inbusiness.kz» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 2024 жылдың I қантарында, Қазақстанда қант диабетімен

ауыратын 486174 наукас тіркелген, оның ішінде 456573 адам 2-ші типтегі диабетпен ауырады. Балалар мен жасөспірімдер арасында 1-ші типтегі диабетпен 5300 және 2-ші типтегі диабетпен 400 жағдай тіркелген. 2023 жылдың 9 айында халық арасындағы аурушандық көрсеткіші 100000 адамға шаққанда 301,4 жағдайды құраса, ал 2024 жылы бұл көрсеткіш 100000 адамға шаққанда 333,4 жағдайға дейін өсіп, 10,6 пайыздық өсімді көрсетті.

БАЛАЛАР АРАСЫНДА ҚАНТ ДИАБЕТІМЕН КҮРЕСУ ҮШІН ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚАЗЖЕТ

ҚР Мәжіліс депутаты Ирина Смирнованың айтуынша, қант диабетінің генетикалық факторлар мен күйзелістен бөлек негізгі себептерінің бірі – тамақтану рационалды қантты көп тұтынуы. Балалар мен жасөспірімдер арасында күнделікті қантты көп мөлшерде тұтыну әдеті қалыптасып, соның салдарынан семіздік пен қант диабеті ауруларының ерте жастан пайда болу тенденциясы байқалады.

– Халықтың шамамен 6 пайызы 2-ші типтегі қант диабетімен ауырады. Күн сайын 100-ден астам қант диабетімен ауыратын наукас тіркеледі. Қазақстандағы қант диабетімен аурудың жалпы ауыртпалығы, тікелей медициналық шығындар мен жанама шығындарды қоса алғанда еңбекке жарамсыздық, жәрдемақыларды қосқанда жылына кемінде 436,4 миллиард теңгені құрайды және бұл көрсеткіш жыл сайын өсіп келеді, – дейді мәжіліс депутаты.

Қант диабеті – аймақта да өзекті аурудың бірі. Эндокриндік аурулар ішінде 60-70 пайызы, қант диабетінің кең таралған түрі – эндокриндік патология туындайды.

– Эпидемиологиялық зерттеулер бойынша жыл сайынғы өсім наукастардың жалпы санының 5,9 пайызын құрайды. Бұл ретте әрбір 15 жыл сайын қант диабетімен ауыратын наукастар саны екі есе артады. Қант диабетінің ең басты себептерінің бірі – тамақтану салтының өзгеруі, атап айтқанда қантқа тез айналатын көміртегі бар тағамдарды шектен тыс пайдалану. Қызылорда облысы бойынша, бүгінгі таңда 16211 адам есепте тұрады. Оның ішіндегі ер адамдар саны – 7021 болса, әйелдердің саны 9882-ні құрайды, – дейді көпбейінді облыстық ауруханасының эндокринолог дәрігері Меруерт Бодықова.


Облыстық балалар эндокринологы, көпбейінді облыстық балалар ауруханасының бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі

орынбасары Гүлнұр Уксикбаеваның айтуынша, қант диабеті немесе «қант ауруы» – бұл көмірсу, май және ақуыз алмасуының бұзылуын тудыратын ауру. Ол инсулин өндірудің бұзылуы немесе осы факторлардың комбинациясына байланысты. Негізгі белгісі – гипергликемия, яғни қандағы глюкозаның жоғары деңгейі және оның ағзаға улы әсер етуі түрінде көрінетін шамадан тыс су тұтынуы.

– Балалар арасында қант диабетімен ауыратындардың саны жыл сайын өсуде, ал бұл аурудың диагностикасын ерте анықтау маңызды. Қант диабеті екі типке бөлінеді. Бірінші типтегі диабет негізінен жастар арасында көп кездеседі. Оның белгілері – әлсіздік, кенеттен салмақ жоғалту, шөпдеу. Бұл жағдайда диагностика үшін арнайы антиденелерге анализдер қолданылады. Ал екінші типтегі қант диабеті көбінесе егде жастағы адамдарда анықталады. Ол инсулинорезистенттік нәтижесінде дамиды –



бұл



орынбасары

Гүлнұр Уксикбаеваның айтуынша, балалардың тамақтану рационы пайдалы өнімдерді қамтуы тиіс. Оған ет, көкөністер, жемістер, дәнді дақылдар және сүт өнімдері кіреді. Ал тәттілер, нан-тоқаш өнімдері мен газдалған сусындар шектеулі мөлшерде тұтынылуы керек. Бұл баланы тәттіден толықтай айыру керек дегенді білдірмейді, бірақ оның тұтынуын ересектер бақылап, тиісті нормадан аспауға тиіс.

– Сондай-ақ бірнеше міндетті ұсынымдар бар. Атап айтқанда, физикалық белсенділік, таза ауада серуендеу, ойнау, көкөністер мен жемістерге бай мазір, тұрақты медициналық тексерулерден өту. Бұл тәртіпті сақтау қант диабетінің пайда болу ықтималдығын азайтады. Балалардағы қант диабетінің белгілерін ерте анықтау қажетті шараларды қабылдауға көмектеседі. Осы арқылы балалардың денсаулығын сақтап, аурудың алдын алу мүмкіндігін арттыруға болады, – дейді облыстық балалар эндокринологы Гүлнұр Уксикбаева.

Көпбейінді облыстық ауруханасының эндокринолог дәрігері Меруерт Бодықованың айтуынша, 2-ші типтегі қант диабеті ағзаның қантты энергия алу үшін пайдалануына әсер етеді. Бұл типтегі диабет кезінде ағза инсулинді тиімді пайдалана алмайды, бұл терапия болмаған жағдайда қанда қанттың жоғары деңгейіне әкеледі.

– 2-ші типтегі диабеттің дамуын алдын алуға болады. Оған әсер ететін факторлар

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Балалардағы қант диабетінің белгілері анық байқалмаған кезде ата-аналар оның бастапқы кезеңін байқамай қалуы мүмкін. Ең алдымен, назар аудару қажет нәрсе – бұл зәр шығару жиілігі.

– Қант диабетімен ауыратын балалар дәретханаға әлдеқайда жиі барады, өйткені олардың ағзасы сау адамдарға

Басы 1-бетте

Абай атамыз «Малдың беті жарық..» деп өз заманында тереңнен толғаған. Ата-бабамыз төрт түлікті түлетіп, ризығын көріп, дастарханынан құрт-майы, қатық-сүті арылмаған. Бейнетсіз рахат жоқ. Әрине ол үшін тынымсыз еңбек етіп, шаруаға еңгі болу керек.

КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ БАР



– Таңнан тұрып, мал жайғап, жем-суын беріп, күтімге алса, малдың қоңы жақсы болады. Ерінбеген жанның ризығы кем болмайды. Бүгінде біз секілді мүмкіндігі шектеулі жандар мемлекет қамқорлығында. Ауған соғысының ардагері, III топ мүдегімін. Биыл «Бастау Бизнес» жобасының игілігімен қайтарымсыз грант берді дегенді естіп дереу құжат дайындап, «Мансап» орталығына тапсырған едім. Оны сәтті қорғап, 1 476 800 теңге қайтарымсыз қаражат алдым. Оған сүт бағытындағы сиыр сатып алдым. Ағарғанға сұраныс көп. Әсіресе күн салқындағанда жақсы өтеді. Тасбөгеттегі дүкендерге өткіземін. Табысым артып келеді, – дейді жеке кәсіпкер Абай Өтегенов.

Абай Ноғайұлының қазіргі таңда бірнеше сиыры бар. Болашақтағы жоспары – мал басын арттыру.

«Қыс шанаңды жаз сайла» дейді халық даналығы. Қытымыр қыстың ызғары білінгеннен кәсіп иесі жем-шөбін дайындап, қыс қамына кірісіп кеткен.

Шынында, денсаулығының кінәратына қарамай, тәуекелді жанына серік етіп, алға ұмтылып, еңбек еткен жанға бақыт та басын иіп, шаруасы алға басалы деген сенімдеміз.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

арасында артық

салмақ, жеткіліксіз дене белсенділігі және генетикалық факторлар бар. 2-ші типтегі диабеттің ең нашар салдарларын болдырмау үшін ерте анықтау маңызды. Диабетті ерте кезеңінде анықтаудың ең жақсы жолы – дәрігердің тұрақты қарауы мен қан талдауларын тапсыру. 2-ші типтегі диабеттің белгілері ардайым айқын көрінбеуі мүмкін, ересек адамдарда қант диабетінің барлық жағдайларында 85-90 пайызын құрайды. Соның нәтижесінде ауру бірнеше жылдан кейін, асқынуды пайда болған кезде ғана диагноз қойылады. Диабет наукастарының 90 пайыздан астамы 2-ші типтегі диабетпен ауырады. Бұрын бұл типтегі диабет инсулинге тәуелсіз диабет немесе ересектердің диабеті деп аталған. Жақында ғана бұл типтегі диабет тек ересектер арасында ғана болғанымен, қазір ол балаларда да жиі кездеседі. Егер жағымсыз диагноз расталса, наукас терапевт пен эндокринологтың бақылауында болуы тиіс. Бұл мамандар наукасты емханаларда бақылап, қажетті емдік шараларды қолданады, – дейді көпбейінді облыстық ауруханасының эндокринолог дәрігері Меруерт Бодықова.

Қант диабетімен ауыратын қала тұрғыны Ажар (есімі өтініші бойынша өзгертілді – ред.) ауруды ерте кезде анықтап, бастапқы белгілері пайда болғанда алдын алу маңызды екенін айтады.

– Қант диабеті барын медициналық тексеру кезінде білдім. Бастапқыда белгілерін байқамадым. Жас кезімде жиі тәттілер, газдалған тәтті сусындар іштім, фастфудпен тамақтанатынымын. Кейінірек әлсіздік пен шөпдеу пайда болды, оған мән бермей жүрдім. Қант диабеті бар екенін білсем де, өмір сүру салтым өзгермеді. Соңғы бірнеше айда қант диабетінің асқынуды пайда болған кезде ғана емханаға дәрігер көмегіне жүгіндім. Дәрігер нұсқауым толық орындай бастадым. Ас мазірін толық өзгертіп, таза ауада серуендеп, спортпен шұғылданып, салмақ тастадым. Қазіргі уақытта қант мөлшерім тұрақты нормадан аспайды. Қант мөлшерін үнемі бақылауда ұстау керек. Бастапқы белгілерін немесе тексеру кезінде білсеңіз, міндетті түрде дәрігер нұсқауын орындап қана қоймай, өмір салтын өзгерту маңызды. Емханадағы дәрігерлер барлық қажетті талдауларды өткізіп, дер кезінде көмек көрсетті. Ақ халатты абзал жандарға алғысым шексіз, – дейді ол.

Қант диабеті жаһандық денсаулық сақтау мәселесі ретінде өзекті. Зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, әлемдегі қант диабетімен ауыратындар саны жыл сайын артауда. Ересектер мен балалар арасында қант диабетінің таралуы, оның ішінде 2-ші типтегі қант диабетінің өсуі алаңдатарлық көрсеткіштерге жетіп отыр. Ауруды ерте анықтау және дұрыс емдеу бұл аурудың жағымсыз салдарын азайтуға маңызды рөл атқарады. Дәрігерлердің тұрақты қарауы, қан талдауларын тапсыру және дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік сияқты алдын алу шаралары қант диабетінің дамуын тежеуге көмектеспек.

София ТЕМІРБОЛАТ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3498 Тапсырыс №1841

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН